

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Жабаршы



МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Вестник

№ 1

2008 ж.

Мазмұны

● **Ресми бөлім**

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Алқасынан. ----- **6-8**

● **Халықаралық ынтымақтастық**

Кездесулер мен сапарлардың хроникасы.----- **9-10**

● **Өзекті проблемалар**

1. Павлодар облысының ІІД ЖБО бастығы полиция полковнигі **Колесников Ю.Ю.**

«Қылмыстарды ашу әдістемесіндегі инновациялар».-----
----- **11-18**

ҚР ІІМ-нің техникалық қызмет департаменті озық технологиялар басқармасының бастығы полиция майоры **С.Л. Варго.**

«Ішкі істер органдарының қызметінде жаңа технологияларды қолдану». ----- **19-24**

3. ҚР ІІМ-нің Семей Заң колледжінің Қылмыстық іс жүргізіу және криминалистика кафедрасының оқытушысы полиция капитаны **А.Т.Ешенғалиев.**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі куәгерлер институтының проблемалық аспектілері».----- **25-31**

4. Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясы Ғылыми-зерттеу институты №2 зертханасының бастығы заң ғылымдарының кандидаты полиция капитаны **Баранов М.Н.**

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Заң шығармашылық қызметіндегі мәселелер мен перспективалар».----- **32-39**

• Өзекті проблемалар

**Павлодар облысының ІІД ЖБО бастығы
полиция полковнигі Ю.Ю. Колесников**

Қылмыстарды ашу әдістемесіндегі инновациялар

Құқық қорғау органдарының жұмысын басқарудағы дәстүрлі әдістермен жақсарту жолдары қазірде сарқа пайдаланылған. Заманға сай ақпараттық технологиялар мен арнайы техниканы енгізуге негізделген басқарудың сапалы жана әдістерін қолдану қажет.

Қазақстан Республикасында өзгеріп келе жатқан қоғамның әлеуметтік маңызды мәселелерінің бірі қылмыстылықпен күрес болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қылмыстылықтың тоқтаусыз өсуі мемлекет пен қоғам үшін, азаматтардың өмірі, денсаулығы мен мүлігіне қауіпті қатер туғызады. Қылмыстылық бүгінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қатер туғызып отыр» деп ескеріп, әрі қарай «занның абсолюттік үстемдігін орнату мен заңға бағынатын азаматтарды қорғауды, ... заңға қарсы жолдармен өздеріне кедейшіліксіз өмір сүруді қамтамасыз ететіндерге билік пен заңның бар күшін қолдануды» ескерген.

Қазіргі уақытта ішкі істер органдарының техникалық қайта жабдыкталуы, оларды заманға сай байланыс және техника құралдарымен қамтамасыз ету, ортақ біріктірілген мәліметтер банкін және жедел басқару орталықтарын құру жөніндегі мәселелердің шешілуі жедел ақпаратты жинау және қолдану функцияларын бір жүйеге қосуға, және де қылмыстарды ашуда ІІО күштері мен құралдарын басқаруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, сол мақсатта барлық ақпараттық массивтер мен ортақ біріктірілген мәліметтер банкін қолдана отырып, қылмыстардың алдын алу мен оларды ашуда бар күштер мен құралдарды барынша шоғырлауға мол мүмкіндік берер еді.

ІІМ-нің ақпараттық-телекоммуникациялық кешені даму және жетілу сатысында. Оның жеткіліксіз қызмет көрсетуі бірқатар объективті факторлармен байланысты: бөлімшелердің компьютерлік техника және байланыс құралдарымен аз жабдыкталуы, мәліметтерді тапсыру ведомстволық жүйесінің әлсіз дамуы, қызметкерлермен криминалды ақпараттың жинақталған массивтерін әлсіз қолдану.

Біріктірілген мәліметтер банкілері, дербес автоматтандырылған мәліметтер банкітері және ақпараттық іздеу жүйелерінің дамуы және құқық қорғау органдарының ортақ ақпараттық-аналитикалық жүйесіне бірігуі және оның бас прокуратура мен басқа мемлекеттік органдардың аналогиялық жүйесімен біріктірілуі жедел-криминалды ақпаратты жинау мен қолдануға ортақ және қарама-қайшы емес ведомствоаралық тұрғыда келуді, «мөлдірлік» пен есептік-тіркемелік тәртіпті ұстануға қатаң бақылау жүргізуді, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақпараттық қамтамасыз етуінің сапалы жақсаруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ішкі істер органдары жұмысында жорамалдау принциптері мен құралдарын қолдану қызметтегі «қылмыстардың ескертілуі» сияқты бағыттың дамуында кең мүмкіндіктер береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үнемі қылмыстылықпен күресудің жаңа формалары мен әдістерін шығарып отырады. Ауыр қылмыстар, қоғамдық тәртіпсіздіктер, стихиялық апаттар мен басқа да төтенше жағдайлар жасалған кезде, сондай-ақ ірі саяси-қоғамдық және басқа шараларды өткізу кезінде күш-құралдармен жедел басқаруды қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөлімшелері, күштері мен құралдарының жаттығып өзара әрекеттесуі талап етіледі. Осы тапсырмаларды шешудің жаңа жолдарын жүзеге асырудың мысалы ретінде Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің жедел басқару орталықтарын (ЖБО) құру бойынша орындалған жоба болып отыр.

Бүгінгі күнде бұл құқықтық тәртіпті күзетуде тұрған ең мықты, техникалық қаруландырылған бөлімше. ЖБО-да орнатылған жүйелер мен құрылғылардың аналогтары жоқ. Автоматтандырылған жүйе көп функционалды, ол жасалған

кылмыстар туралы хабарламаларға жедел және уақытылы әрекет етуге мүмкіндік жасап, қоғамдық тәртіпті сақтау ісінде жақсы тірек болды.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің жедел басқару орталықтары облыстардың ІІД аппараттарының өзіндік құрылымдық бөлімшелері, олардың басқаруындағы полиция күштері мен құралдарын жедел басқару органдары. Олар қаладағы жедел жағдай күйін бақылауға, кылмыстардың барлық түрлеріне, бұқаралық тәртіпсіздіктерге, табиғат апаттары және басқа оқиғаларға жедел әрекет ету бойынша бөлімшелердің іс-әрекеттерін басқаруға, азаматтардың намысы мен абыройына қол сұққан уақытта олардың жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шақыртылған.

Қылмыстарды ашудың нақты шарты ретінде полиция мен қоғамның бар күштері мен құралдарын кешенді түрде қолдану болады. Осы кезде жасалынатын шараларға: үнемі ЖТТ ұйымдастыру, оларды автокөлікпен, байланыс құралдарымен, жедел және криминалистік техникамен қамтамасыз ету; жедел шаралардың арнайы жоспарларын жаттықтыру; мәліметтердің сәйкес банкілерін, картотекалардың нық және толық жинақтау мен олардың тиімділігін қамтамасыз ету; кезекші бөлімдер қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін көтеру. Яғни, кылмыстардың тез ашылуы басым шамада оқиғалар туралы ақпараттың түсу уақыттылығына, толықтығына және дұрыстығына байланысты, сондай-ақ көрсетілген жұмыстың бастапқы этапында әрекеттердегі жоғары жеделдікке, келісушілікке және мақсаттылыққа байланысты. Бұл, жедел басқару орталықтарымен және кезекші бөлімдермен жүргізілетін, күштер мен құралдарды тек сала аралық, ортақтандырылған, тәулік бойы және квалификацияландырылған басқаруда мүмкін.

Күмәнсіз, ЖБО-ны іске қосу республикадағы криминогенді жағдайдың қалыптануына оң әсерін тигізді.

Бірақ, барлық техникалық мүмкіндіктерге қарамастан, орталықтардың жұмысы тек қана полицияның кешенді күштерін басқару функцияларымен және жасалынған кылмыстарды жедел ашумен ғана шектеле қоймайды. Өз қарамағында әр жерден түсетін

көп көлемді ақпаратты иелене отырып, жасалынған қылмыстарды талдау және болашақта оларды жорамалдау бойынша жұмыс жүргізіледі.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы ІІМ-де әр түрлі ақпараттың мағыналы электрондық ақпараттық қорлары бар: есептік, жедел-ізвестірушілік, статистикалық, криминалистік, тіркемелік және т.б. Түгел ақпарат дербес автоматтандырылған ақпараттық-ізвестірушілік жүйелерде жинақталады. Қазіргі уақытқа дейін ІІМ-де ІІМ-нің ақпараттық қорының компьютерленген мәліметтерін аналитикалық қарастырудың бірыңғай технологиясы шығарылмаған.

Осылайша, мәліметтердің аналитикалық қарастырылуының принциптері мен әдістерін шығарумен, сондай-ақ сәйкес процесстердің автоматизациялануымен және ақпараттандырылуымен байланысты тапсырмаларды шешуге шақырылатын қандай да бір аналитикалық орталық (АО) құрудың өткір қажеттілігі жетілген.

Аналитикалық орталықтың басты тапсырмасы ретінде барлық мүмкін көздерден: мемлекеттік органдардың мәліметтер базасы, БАҚ, бағдарламалық-аппараттық тіркегіш құрылғылардан шығатын шынайы әлем объектілері туралы ақпарат жинауды, құрылымдандыру мен жүйелендіруді жүргізу болмақ. АО мемлекет аясында бірыңғай ақпараттық кеңістікті (БАК) қамтамасыз етеді, сәйкес құқықтар мен құзыреттерге ие болады. БАК ортақ тапсырмалар үшін қолданылуы сияқты (аймақтардың әлеуметтік-экономикалық күйін талдау, криминалистік болжамдау), сондай-ақ жедел-ізвестіру іс-әрекеттерін ақпараттық-аналитикалық жанамалау кезінде күш құрылымдарының жеке (ішкі) тапсырмалары үшін де қолданылуы мүмкін.

Өз қызметінде АО жедел қызметтер материалдарынан, күш құрылымдарының біріктірілген мәліметтер банкінен алынған түгел ақпаратты, сондай-ақ ресми баспасөзде де, осылайша аталатын «сары» баспасөзде хабарламалар, жарияландырулар және сөз сөйлеулерді қолданады (аудандық деңгейден жақын және алыс шет елдің бұқаралық ақпараттық құралдарына дейін).

Алынған ақпаратты жағдайды талдау және модельдеу кезінде тиімдірек қолдану үшін аналитикалық орталық қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану өте маңызды. Ақпараттық-аналитикалық жүйелерді қолдану түрлі көздерден фактілерді алуға, олармен құжаттама толтыруға, түрлі типтегі визуалды байланыс карталарын құруға, құжаттардың аяқталған фрагменттерін ақпараттық-аналитикалық материалдарға қосу үшін құрастыруға мүмкіндік жасайды.

АО тапсырмалары стратегиялық және тактикалық болып бөлінеді. Стратегиялық тапсырманың мысалы ретінде ақпаратты жинау және экономикалық, әлеуметтік және басқа факторлардың ықпалы астында аймақта болуы мүмкін қылмыстық жағдайдың дамуына, аналитикалық материалдарды ұсынумен баға беру болады (мысалы, мемлекеттің бірінші тұлғаларының келуімен, бұқаралық шараларды өткізумен байланысты).

Аналитикалық орталықтардың негізгі талаптары:

1. Шынайы әлем объектілері туралы кез келген ақпаратты бастапқы (оригиналды) форматында, танылған сипаттамаларында сақтап қалу. Тіркеу жүйелерінен (бейнекамералар, дыбыс жазу жүйелері және т.б.) түсетін түгел ақпарат оригиналды форматында ортақ сақтау орнына түседі. Бұл ақпарат осы уақытта немесе берілген кесте бойынша сәйкес мәліметтер базасына алынған сипаттамалардың жазбасын және жазылған объектілерді анықтау мақсатында арнайы бағдарламалық қамтамасыз етумен өңделеді. Мысалы, көлік ағымының бейнежазбасынан автомобильдердің нөмірлері көріну керек және автомобиль жүрген уақыт пен орнын көрсетумен МБ-ға сәйкес бөлігінде жазылу керек. БАҚ-тың аты-жөндері, телефон нөмірлері, электронды пошта мекен-жайы және талап етілетін объектілерді танытатын басқа да ұқсас ақпарат көрінуі керек. Әрі қарай, ақпаратқа сұрау салу кезінде онымен байланысты барлық ақпаратты қарауға да мүмкіндік болады.

2. Базада бар объектілерге өзіндік аналитикалық ақпаратты қосу мүмкіндігі: комментарийлерді, құжаттарды, фото, бейне және аудиоматериалдарды. Жүйе автоматты түрде қандай қолданушы қашан және қайда өзгерістерді енгізгенін немесе өзгерткенін жазып алуы тиіс.

3. Ақпаратты білу рұқсатына бейімделгіш шектеулер Мәліметтер базасындағы ақпаратты білуге рұқсат әрбір қолданушы (бөлім, ұйым) үшін бейімделгіш құрылғылармен шектелуі қажет. Әрбір қолданушы өзінің мәліметтер базасының учаскесімен жұмыс істейді және тек оған ғана көрінетін ақпаратты игере алады. Мысалы, көші-кон полиция қызметкері адам туралы жеке ақпаратпен оның төлқұжаттық мәліметтерін көре алады, бірақ оның атына автокөлік құралдары тіркелгені-тіркелмегені туралы ақпаратты көрмейді, бұл ақпаратты жол полиция қызметкері көре алады. Қорытындылай келе, барлық ақпарат бір базада сақталады және оларды толық көлемде білуге рұқсаты бар қолданушылар да бар.

4. Ақпаратты жинау көздерімен жойып басқару. Бағдарламалық қамтамасыз ету ақпаратты жинау көздерімен жойып басқаруға мүмкіндік береді: жабдықты қосу, ажырату, жазу мен түсіру сипаттамаларының өзгеруі. Басқарудың нақты тәсілдері жабдыққа және оның мүмкіндіктеріне байланысты.

5. Төмен жылдамдықтағы байланыс арналарымен немесе олар толықтай болмаған кезде (автономды режимдегі жұмыс) МБ-мен жұмыс істеу мүмкіндігі. Ортақ мәліметтер базасымен жұмыс: байланыстың жоғары жылдамдықтағы арналарымен (локальды тор бойынша мәліметтер базасына кіруге рұқсаты бар); төмен жылдамдықтағы байланыс арналарымен (ұялы телефон, радиоарна – мысалы патрульдік-бекеттік қызметінің автомобилінде); автономды режимде (қойылған міндеттерді орындау үшін мәліметтер базасына рұқсаты бар бөлігімен қызметкердің ноутбугы) өтуі мүмкін. Жұмыстың кез-келген тәсілінде мәліметтер базасындағы ақпарат қолданушы үшін қадағалау режимінде ғана емес, сонымен қатар өзгеріс режимінде де пайдалануға рұқсат етіледі (пайдалануға құқығы бар кезде).

6. Бар ақпарат көздерінен ақпараттың бірігу мүмкіндігі. Қолда бар мәліметтер базасынан жалпы ақпарат жүйесінің өзінің ортақ қорына біріктіру мүмкіндігінің болуы қажет. Мысалы, мемлекеттік қызметтердің мәліметтер базасынан ақпаратты өзіндік қорға дұрыс аудару қажет. Осылай, ЖПБ және КҚПБ мәліметтер базасында (бір қатар басқа да мәліметтер базасы сияқты) жалпы және әр түрлі сипаттағы тектес ақпарат бар. Жалпы ақпарат-аты-

жөні, туған күні, төлқұжаттық мәліметтер, түрлі тектес – туыскандары туралы ақпарат, тіркелген автомобильдер, берілген жүргізуші куәліктері туралы. Дұрыс жобаланған жалпы ақпараттық жүйеде бар ақпараттың қайта енгізілуі болмайды. Сонымен қатар, біріктіру кезінде келесі факторды есепке алу қажет: ЖПБ базасында тіркелген және де КҚПБ базасында бар адам басқа базалардан жиналған бар ақпаратпен қоса жаңа мәліметтер базасында бір жеке карточкасын алуы керек. Жұмыс орындарында қолда бар мәліметтер базалары және сәйкес бағдарламалық қамтамасыз ету болашақта ортақ ақпараттық базамен тікелей жұмыс істей алатын жаңа бағдарламалық қамтамасыз етумен ауыстырылуы мүмкін. Бұл ақпарат сапасын және жұмыс тиімділігінің деңгейін жақсартады.

7. Мәліметтер базаларының біріктірілуі. Ақпаратпен қолдану тиімділігін көтеру үшін мәліметтердің бар базаларының біріктірілуі тапсырмасын шешу қажет. Мысалы, бұл іздестірудегі көлік құралдарының пайда болуына, сондай-ақ, мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген, немесе іздестірудегі адамдар иелігіндегі көлік құралдарының пайда болуына жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

8. Көлік ақпараттық арналар мен бейнебақылау жүйелерінің болуы. Бастапқы тапсырмалардың бірі – бейнеақпаратты жинау және сақтау. Жүйе ауқымды болып, қала аудандарының ауқымында сияқты, болашақта облыс ауқымдарында да жеңіл дамуы керек. Берілген кезеңде қаланың бөлек алынған шағын ауданында бейнебақылау жүйесі орнатылады, әрі қарай басқа ақпаратпен алмасу үшін де қолданылатын қажет байланыс арналары салынады. Бейнеақпаратты орталық қорға тапсыру үшін сәйкес құрылғы орнатылып, осы бейнеақпарат мұрағатта сақталып қалады. Мұрағат дегеніміз бейнематериалдар туралы ақпараттармен мәліметтер базасы (материал қашан және қайдан алынды, оның ұзақтығы және басқа серіктес ақпарат).

9. «Бейнеағымда» объектілерді анықтау. Алдындағы тапсырма шешілген соң осылайша аталатын «бейнеағымнан», яғни бейнеақпаратты үзіліссіз беру ағымынан объектілерді анықтау үшін материал қол жетерлік болады. Алдымен автомобиль нөмірлерін анықтауды жүзеге асыру қажет. Бұл бірінші этапта іске асқан

бейнемұрағат тапсырмасының кеңейтілуі болмақ. Осылайша, кезең аяқталысымен қандай автомобиль, қай уақытта және қай жерде байқалғаны туралы мәліметтер базасы алынады. Бұл база автоматты режимде толықтырылады және сұрауларға қол жеткізерлік болады.

10. Адамдардың бет әлпеттерін анықтау. Анықталған объектілер туралы ақпарат та ортақ мәліметтер базасына түсуі керек.

11. Геоақпараттық жүйенің болуы. Арнайы құрылғымен жабдықталған өзіндік және шеткі мобильді объектілерді (автомобильдер, қызметкерлер, басқа объектілер) іздеу. Өзіндік объектілер GPS/GLONAS-құрылғыларымен және шынайы уақытта берілген жиілікпен объектілердің координаталарын жазатын жазбалы «қара жәшіктермен» жабдыкталады. Координаталар құрылғыда жинақталып, содан соң БАҚ тапсырылған нүктелерде жіберілетіндей етіп нақты уақытта байланыс арналары (GPRS, WiFi) бойынша жіберіле алады. Шеткі объектілер сыртқы белгілер – автомобильдер нөмірлері, адам келбеті және т.б. бойынша анықталады.

12. БАҚ-та ақпарат жинақтау (терілген, электрондық, радио, теледидар).

13. Ішкі бақылау. Ортақ мәліметтер базасынан алынған ақпаратқа негізделе отырып мемлекеттік құрылымдардың өз қызметкерлерінің әрекеттеріне, олардың қызметінің тиімділігін көтеру және болуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін ішкі бақылау жүргізу қажет.

Біртіндеп, қылмыстылық – бұл күрделі әлеуметтік феномен екендігі туралы түсінік келеді. Барлық дертке қарсы бір дәрі болмайтындай, қылмыстылыққа қарсы жай, әмбебап және түбегейлі құрал жоқ. Қылмыстылықты ескерту - қылмыстылықтың ізімен күрделенетін және өзгеретін жүйе.

Қылмыстылықты ескерту әлеуметтік басқарудың спецификалық түрі болғандықтан, ол әлеуметтік басқару принциптері мен құқықтық реттеудің принциптерін үйлестіреді.

Қорытындылай келе, қылмыстарды ашудың ақпараттық технологиялар облысындағы соңғы жетістіктерге негізделген жаңа әдістемесі ашылды деп айтуға болады.